

М.К. АХМЕТОВА¹, М.Е. ӘБІЛ²¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: akhmetova_mk@enu.kz²оқытушы, e-mail: mdabil01@mail.ru^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ.)**ҚАЗАҚ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ІСКЕР АДАМ»**

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада «іскер адам» концептісі – «Адам» макротобына енетін, кәсіпкерлік ортаны сипаттайтын концептосфераның құрамдас бөлігі; қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық қатынастарды қамтитын күрделі лингвокогнитивтік құрылым ретінде қарастырылады. Қазақ танымындағы «іскер адам» бейнесі қоғамдағы өзгерістермен, елдің экономикалық дамуымен, сауда-саттықтың халық өмірінде алар орнымен тығыз байланыста сөз еткенде әр қырынан ашыла түсетіні белгілі. Сондықтан мақалада талданған лексикалық бірліктер арқылы әр атаудың сыртқы лингвистикалық ерекшеліктері анықталып, тіл қоғамдық қатынастардың түрлі салаларын айқын бейнелейтін құбылыс ретінде сипатталды. Халық санасындағы «іскер адам» бейнесі белгілі бір кезеңге, заман талабына сәйкес сауда-саттықпен айналысушылардың іс-әрекеттерімен, білік-дағдыларымен, кәсіпкерлік түрлерімен байланысты туындаған таным-түсініктерді қамтып, түрліше таңбаланатыны айқындалды. «Іскер адам – іскер әйел» бинарлық жұбының тілдегі көрінісі талданды. Саудагер, көпес, алыпсатар, бизнесмен, кәсіпкер, олигарх секілді т.б. атаулардың мағыналары «іскер адам» фондық ұғымында әр қырынан ашыла түсетіні дәйектелді. «Іскер адам» құрылымындағы көнерген және жаңа аталымдар анықталып, сөздік құрамнан, тілдік қолданыстан алар орны сипатталды. «Іскер адамның» когнитивтік үлгісін (тәуекелшіл, уақытты басқара алатын, ақшаны иеленуші), т.б. жасайтын тілдік бірліктер анықталып, «іскер адам» концептісінің құрылымына енетін сөздердің денотаттық, коннотаттық мағыналары сөздіктерде берілген түсіндірмелері мен медиа, көркем мәтіндерден алынған тілдік деректерді талдау арқылы ашылды. Сөйтіп, қазақ лингвокогнитивтік жүйесіндегі «іскер адам» концептісін ашатын тілдік бірліктер жүйесі анықталды.

Кілт сөздер: концепт, іскер адам, лингвокогнитивтік құрылым, тілдік бірлік, мағына.

М.К. Akhmetova¹, М.Е. Abil²¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, e-mail: akhmetova_mk@enu.kz²Lecturer, e-mail: mdabil01@mail.ru^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana)*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ахметова М.К., Әбіл М.Е. Қазақ лингвокогнитивтік жүйесіндегі «іскер адам» // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 132–145. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.280>

***Cite us correctly:**

Ahmetova M.K., Abil M.E. Qazaq lingvokognitivtik zhuiesindegi «isker adam» [“Business Person” in the Kazakh Linguoconceptual System] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 132–145. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.280>

“Business Person” in the Kazakh Linguoconceptual System

Abstract. In the proposed article, the concept of a “business person” is considered as an integral part of the conceptosphere, characterizing the business environment included in the macro topic concept of “human”; it is a complex linguistic and cognitive structure, including political, economic, and socio-psychological relations in society. It is known that the image of a “business person” in Kazakh cognition is revealed from different perspectives when it comes to changes in society, the economic development of the country, and the place of trade in the life of the people. Therefore, through the lexical units analysed in the article, the external linguistic features of each designation were identified, and the language was described as a phenomenon vividly reflecting various spheres of social relations. It has been established that the image of a “business person” in the minds of the population, in accordance with the requirements of the time, a certain period, includes knowledge arising from the activities of those engaged in trade, skills, and types of entrepreneurship. The linguistic expression of the binary pair “business person – business woman” is analysed. It was found that the meanings of names such as “trader”, “merchant”, “speculator”, “businessman”, “entrepreneur”, “oligarch”, etc., are revealed from different sides in the concept of “business person”. New nominations in the structure of “business person” are identified, and their place in vocabulary and language usage is characterized. The cognitive model of a “business person” (risk-taking, able to manage time, financially competent, etc.) is identified. The linguistic units are revealed, and the denotational, connotative meanings of the words included in the structure of the concept “business person” are determined by analysing the interpretations presented in dictionaries and linguistic data obtained from media and literary texts. Thus, a system of linguistic units has been defined that reveals the concept of “business person” in the Kazakh linguistic and cognitive system.

Keywords: concept, business person, linguistic and cognitive structure, linguistic unit, meaning.

М.К. Ахметова¹ М.Е. Әбіл²

¹кандидат филологических наук, доцент, e-mail: akhmetova_mk@enu.kz

²преподаватель, e-mail: mdabil01@mail.ru

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва (Казахстан, г. Астана)

«Деловой человек» в казахской лингвокогнитивной системе

Аннотация. В предлагаемой статье концепт «деловой человек» рассматривается как составная часть концептосферы, характеризующая предпринимательскую среду, входящую в макрогруппу «Человек»; как сложная лингвокогнитивная структура, включающая политико-экономические, социально-психологические отношения в обществе. Известно, что образ «делового человека» в казахском познании раскрывается с разных сторон, когда речь идет об изменениях в обществе, экономическом развитии страны, месте торговли в жизни народа. Поэтому через лексические единицы, проанализированные в статье, были выявлены внешние лингвистические особенности каждого определения, и язык был описан как явление, ярко отражающее различные сферы общественных отношений. Установлено, что образ «делового человека» в сознании народа в соответствии с требованиями времени, определенного периода, включает в себя знания, возникающие в связи с деятельностью занимающихся торговлей, умениями и навыками, видами предпринимательства. Проанализировано языковое выражение бинарной пары «деловой человек – деловая женщина». Было установлено, что значения таких имен, как торговец, купец, спекулянт, бизнесмен,

предприниматель, олигарх и т.д. раскрываются с разных сторон в понятии «делового человека». Определены архаизмы и неологизмы в структуре «деловой человек», охарактеризовано место в словарном составе, в языковом использовании. Выявлены языковые единицы, определяющие когнитивную модель «делового человека» (рискованный, способный управлять временем, обладающий деньгами и т.д.), путем анализа интерпретаций, представленных в словарях, и языковых данных, полученных из медиа, художественных текстов, раскрыты денотатные, коннотативные значения слов, входящих в структуру концепта «деловой человек». Таким образом, определена система языковых единиц, раскрывающих концепт «деловой человек» в казахской лингвокогнитивной системе.

Ключевые слова: концепт, деловой человек, лингвокогнитивная структура, языковая единица, значение.

Кіріспе

Тіл біліміндегі адам өзекті парадигма тілді сыртқы дүние заттарымен байланыста қарастыру қажеттігін айқындап, тілдің табиғаты таныммен, мәдениетпен, этноспен, қоғаммен қарым-қатынасы негізінде ашылатынын дәлелдеді. Тілде көрініс таппайтын еш нәрсе жоқ, әлем бейнесі толық қамтылады. Тілдің басты қасиеті де сол – қоршаған ортадағы құбылыс, адамның таным-түсінігін, көзқарас-пікірлерін, т.б. «ескерусіз, елеусіз» қалдырмайды, болмыстың барлық тыныс-тіршілігі тілде бедерленіп отырады. Сөйтіп уақыт озып, заман өзгерген сайын зерттеуді қажет ететін өзекті тың тақырыптар туындайды. Солардың бірі ретінде қазақ танымындағы «іскер адам» концептісін алуға болады. Елімізде нарықтық экономиканың дамуымен байланысты осы топ өкілдерінің мінез-құлқы, тілі, қоғамда алатын орны, сонымен қатар халықтың «іскер адамға» деген көзқарасы айтарлықтай өзгерді. Заманға сай іскер адам болғысы келетіндердің саны еселенді. Қоғамдағы өзгерістер тіл-тілде көрініс табатындықтан, «іскер адам» санатын тілтанымдық тұрғыда қарастыру зерттеушілердің қызығушылығын тудырып, «іскер адамға» қатысты тілдік бірліктердің ерекшеліктері жан-жақты қарастырыла бастады.

Бүгінде жеке кәсіпкерлік саласында белсенді қызмет атқаратын іскер адамдардың *бизнесмен, инвестор, олигарх, іскер әйел* секілді т.б. жаңа санаты қалыптасты. Іскер адам кәсіпкерлік әлемдегі басты, белсенді тұлғаға айналды. Соған сәйкес, «іскер адам» бейнесін әр қырынан ашатын тілдік бірліктер жұмсалымы қоғамда, бұқаралық ақпарат құралдарында арта түсті. «Іскер адаммен» байланысты сөз қолданыстары іскерлік коммуникацияда орын алатын барлық іс-әрекеттерді, қызмет түрлерін қамтиды және «іскер адамды» әр қырынан сипаттайтын тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) жиынтығынан тұрады. Осы орайда, дербес әлеуметтік топты құрайтын «іскер адам» концептісінің қазақ танымындағы тілдік көріністерін қарастыру маңызды болмақ.

Зерттеу әдістері мен материалдар

«Іскер адам» концептісінің когнитивтік құрылымындағы тілдік бірліктердің сипатын айқындау мақсатында семантикалық, компоненттік талдау, контент талдау әдістері қолданылды. Тілдік бірліктер сөздіктер мен БАҚ материалдарынан іріктеу әдісі арқылы жинақталып, жүйеленді және түсіндірмесі беріліп, талданды. Тілдік деректер мен дәйектер көркем мәтін, газет-журнал, интернет ресурстардан алынды.

Әдебиетке шолу

Тіл ғылымында «іскер адам», «кәсіпкер»/«жеке кәсіпкер», «бизнесмен», «инвестор», «табысты адам» секілді т.б. мәндес атаулар лингвокогнитивтік бағыттағы еңбектердің зерттеу нысанына алынып, қарастырылуда. Мәселен, зерттеуші Е.А. Погодаева «Іскерлік

баспасөз мәтіндеріндегі қазіргі іскер адамның когнитивті стилінің көрінісі» атты диссертациялық жұмысында орыс тілдік ортасында «іскер адам» ұғымының пайда болуы (бизнесе жұмыс істейтін және белгілі бір мінез-құлық стилін ұстанатын адам) ресейлік кәсіпкерлердің әлеуметтік мәртебесінің артуына ғана әсер еткен жоқ, сонымен қатар олардың дүниетанымына, ойлау қабілеттеріне және тілдің дамуына да ықпалын тигізгенін атап көрсетеді [1].

Е.В. Долгова «Іскер адам портреті» сөйлеу жанрының дискурсивті-коммуникативтік ерекшеліктері: орыс және ағылшын тілдерінің материалы негізінде» атты зерттеу жұмысында қазіргі журналистикадағы «іскер адам портретінің» сөйлеу жанрымен байланысы, іскер тұлға портретінің мәтіндік, сондай-ақ «іскер адам портретінің» лингвистикалық сипаттамасы мен табысты іскер тұлғаның имиджін қалыптастыруда жарнама стратегияларының рөлі секілді мәселелерге тоқталып, іскер адам бейнесін ашуда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызын талдады. Сонымен қатар ағылшын және орыс тілдеріндегі іскер тұлғаның лингвомәдени ерекшелігіне салғастырмалы талдау жасап, ұлттық менталитет пен стереотип мәселелеріне кеңінен тоқталды. Зерттеуші пікірінше, «іскер адам» – екі мәдениетте оң (жағымды) коннотацияны иеленген, бірнеше қасиеттер бойынан табылатын жиынтық бейне. Бұл бейне ерекше әлеуметтік мінездемемен сипатталады. Мәселен, жоғары әлеуметтік позицияны иеленген (жетекші, менеджер), қомақты қаржысы бар, тұрақты қарым-қатынас стилін меңгерген (коммуникацияда өзін-өзі ұстауымен ерекшеленетін) адам. Бұл – қоғамдық санада ғана емес, жеке тіл иеленушілердің де санасында тұрақтанған сапалық белгілер [2].

«Америкалық іскер тұлғаның коммуникативтік мінез-құлқының ерекшеліктері (гендерлік тұрғы)» тақырыбындағы М.А. Гаталова еңбегінде медиамәтіндердегі америкалық іскер тұлғаның сыпайы және әдепсіз коммуникативтік мінез-құлқы гендерлік ерекшелікпен байланысты сипатталады. Іскерлікке мыналарды жатқызады: келіссөздерді сәтті жүргізу, құжатты сауатты және дұрыс ресімдеу секілді кәсіби құзыреттіліктер. «Іскер адам» кәсіби қызметтің кез келген түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін іскерлік қарым-қатынас ережелері мен ұстанымдары туралы ақпараттың, білімнің, идеялардың белгілі бір жиынтығын иеленуі қажет дей келе, коммуникативтік мәдениеті дамыған іскер адам ретінде іскерлік қарым-қатынас жағдайында өз көзқарасын нақты, анық тұжырымдай білетін, сондай-ақ өзгелердің пікірімен де санаса алатын адамды түсінеміз деп түйіндейді [3].

М.М. Иванова еңбегінде орыс тіліндегі «Іскер адам» концептісінің тілде объективтену мәселесі семантикалық-когнитивтік тұрғыда сөз етіледі. Зерттеу «тілден концептіге» қарай жүргізіледі. Жұмыста Бендикс әдістемесі бойынша сауалнама өткізіліп, оның нәтижелері талданады. Бұл әдістемеге сәйкес мына сөйлемдерді аяқтау ұсынылады: «Он предприниматель, а не *бизнесмен*, потому что ...», «Он предприниматель, а не *делец*, потому что ...», «Он предприниматель, а не *толстосум*, потому что ...». Іскер адамға қатысты осы атаулар сөздіктерде «предприниматель-кәсіпкер» лексемасының орнына жиі жүретін мағыналас сөздер екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар еркін және бағытталған ассоциациялық тәжірибе жүргізіп, нәтижесінде «кәсіпкердің» когнитивтік белгілері айқындалады. Бұл өз кезегінде қазіргі орыс тілдік санасында «кәсіпкерге» қатысты қалыптасқан тілдік көріністерді анықтауға мүмкіндік береді [4].

Орыс, неміс тілдеріндегі медиадискурс материалдары негізінде «іскер әйелді» зерттеген И.Ф. Баданян «іскер әйел» концептісі мен оның когнитивтік моделін фреймдік құрылымға сәйкес айқындайды. «Кәсіби қызметі», «Сыртқы сипаты», «Адамгершілік-психологиялық және кәсіби қасиеттері», «Әлеуметтік және қоршаған ортасы» секілді т.б. слоттарға жіктеп, іскер әйелге тән сипаттар талданады [5].

Р.М. Бактиярова «Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісі» атты зерттеу жұмысында «Іскер әйел» концептісіне енетін тілдік амал-тәсілдерді қазақ және француз медиамәтіндерін талдау арқылы анықтайды. Ол қазақ лексикографиясында «іскер әйел» ұғымына анықтаманың берілмегенін айтады. Сондықтан «іскер әйел» концептісін кірме құрылым ретінде сипаттап, оның енуін елдегі саяси-экономикалық жағдаймен байланыстырып түсіндіреді және «бизнес-леди», «бизнесвуман» кірме сөздерін «іскер әйел» атауымен мағыналас деп таниды. Зерттеуші еңбегінде мынадай қорытындыға келеді: «Қазақ тілдік санасында «іскер әйел», ең алдымен аяулы ана, асыл жар, отбасы мен бизнесті қатар алып жүретін тұлға. ...Қазақ мәдениетіндегі «іскер әйел» бейнесі этникалық менталдылыққа негізделеді [6, 38-б.], ал француз лингвомәдениетіндегі «іскер әйел» өзінің әйелжанды екенін екінші орынға қояды (мүлде ұмытады деуге болады), ерлер басымдылығына ие болады; тұрмысқа шығу, отбасын құру, балаларының болуы шарт емес; өте ақылды, күтімі мінсіз, қаражат жағынан толық тәуелсіз және дербес тұлға, өзінің басқалардан жоғары екенін көрсетеді, т.б.» [6, 131-б.]. Бұл еңбекте «іскер әйел» концептісінің құрылымы қазақ-француз лингвомәдени кеңістігін гендерлік тұрғыда салыстыру арқылы ашылады.

Қазақ тіл біліміндегі концептологиялық зерттеулер адамның тілдік бейнесін әртүрлі мәдени және когнитивтік деңгейде қарастырады. Мәселен, Г.С. Косымова “Адам–Дүние–Уақыт” концептісіндегі лингвокультуралық бірліктердің табиғатын талдай келе, адам бейнесінің тілдік көрінісі мәдени кодтар арқылы қалыптасатынын көрсетеді [7]. Ал А.Т. Кембаева “Рух” концептісінің тілдік тұлға кеңістігіндегі қызметін айқындап, концептіні тануда когнитивтік, семиотикалық, мәдени факторлардың өзара байланысын анықтайды [8]. Бұл зерттеулер “іскер адам” концептісін талдауда да тұлғаның мәдени-танымдық бейнесін анықтаудың маңызды екендігін дәлелдейді.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі қоғамдық санада «іскер адам» концептісі адам кәсібіне қатысты анықталатын концептосфераның қатарына енеді. «Іскер адам» концептісі – күрделі құрылым, өйткені ол әр түрлі мән-мағыналарды қамтитын, уақыт пен кеңістікке, жағдаятқа, қоғамдағы өзгерістерге тәуелді танымдық процестің нәтижесін көрсетеді. «Іскер адам» концептісіне енетін тілдік бірліктерді талдау арқылы қазақ танымындағы «іскер адам» бейнесі ашылады. «Іскер адам» тіркесіндегі *іскер* сөзі – қазақы танымда жалпы адамдардың барлығына ортақ, олардың жұмыс істеу қабілет-қарымына қатысты сындық, сапалық мәнде қолданылатын лексема.

Аталмыш мағына сөздік мақалада айқын көрініс тапқан [9]: «сын. 1. Қолынан іс келетін, шебер, істің көзін білетін; пысық» (<https://sozdikqor.kz>). *Іскер* сөзінің осы түсіндірмесінде адам баласының жалпы жұмыс істеу қабілетінің жоғарылығына, еңбекқорлығына, нендей істі болса да тындыратынына байланысты мағынасы берілген. Қазақ тілінде *іскер* сын есімі кең мағынасында түрлі кәсіп-мамандық иелеріне қатысты қолданыла береді. Себебі барлық кәсіпте де қолынан іс келетін адамдар бар. *Іскер адам* «мықты маман» дегенді білдіреді. Мысалы: - *Ақтоғай ГЭС-інің басшысы Жанат Дүйсенбаев өте білгір, іскер адам еді, - дейді Қайыпберген аға. – Сол сияқты Мәскеу энергетика техникумын бітірген, кейін қызметі өсіп жоғарылаған шеберіміз Орысбек Нүсіпов те мықты маман болатын* (<https://egemen.kz/article/96989-zhurt-dganynan-tabylatyn-dgan>).

2. экон. Ұйымдастыру мәдениетінің елеулі нышаны, қызметтің белгілі бір жеке іс бабындағы аса маңызды белгісі, ұтымды ұйымдасқан, істің мүддесіне айқын бағдарланған белсенділік; қызметкердің мінез-құлқының белгісі, жеке басының қасиеті, қабілет-қарымы, еңбексүйгіштігі, өзінің кәсіптік міндеттеріне іскерлікпен қарауы, еңбек қызметін тиімді пайдалана білуі, қол астындағы қызметкерлердің қызметін ұйымдастыра білуі, іске жұмылдыра білуі (<https://sozdikqor.kz>). Екінші түсіндірмеде «іскер» сөзі экономикалық

термин ретінде іскери қарым-қатынасты белсенді, тиімді жүзеге асыратын, ұжымды ұйымдастырып, іске жұмылдыра алатын, өз міндеттерін іскерлікпен, тиімді атқаратын тұлғамен байланыстырылған.

Қазіргі тілдік қолданыста *іскер* сөзі кәсіпкерлікпен байланысты түрлі бағдарлама, қауымдастық атауларында белсенді жұмсалып жүр. Мысалы: «*Іскер*» *несиелеу бағдарламасы* (<https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-ulan/press/news/>). «*Іскер*» *бағдарламасының басты нысаны – отандық кәсіпкерлерді қолдау* (https://inbusiness.kz/kz/tv_programs/isker-adam-).

Жалпы, қазақ тілі сөздіктерінде *іскер адам* тіркесі кездеспейді. Оның себебін ұғымның соңғы жылдары ғана қалыптасып, тілдік айналымға кейінгі кезде енген бірлік екенімен, әдеби тілде енді тұрақтана бастауымен түсіндіруге болады.

«*Іскер адам*» концептологиялық өрісінде белсенді жұмсалатын бірлік – *кәсіпкер*. Мысалы: *Тағы бір кәсіпкер квазимемлекеттік ұйыммен шарт жасасып, кеніштердің ғимараттары мен нысандарын реконструкциялаған* (<https://egemen.kz/article/341525-kasipker-muddesin-qorghaydy>). *Кәсіпкер болу үшін не істеу керек?* (<https://atameken.kz/kk/news/24126-kak-stat-predprinimatelem-->)

Кәсіпкер лексемасының көптеген сөздіктерде қамтылып, осы ұғымды әр қырынан ашатын түсіндірмелерінің берілуі қоғамдық өмірдің әр түрлі саласында (күнделікті қарым-қатынаста, БАҚ-та, экономика мен әлеуметтануда) орныққан, актив қолданыстағы сөз екенін көрсетеді.

«Кәсіпкер» термині алғаш рет Р. Кантильонның (1755 ж.) «Жалпы коммерция табиғаты туралы эссе» деп аталатын мәтінде кездеседі. Бұл сөз тауарларды белгілі бағамен сатып алатын, содан кейін оны белгісіз бағамен нарықта қайта сататын, нарықтық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін адамға қатысты қолданылған. ...Қысқаша айтқанда, кәсіпкерлік, экономистердің пікірінше, жеке тұлғаның бизнес саласындағы жетістіктері деп түсініледі. Нарықтық экономиканың заманауи түсінігінде кәсіпкер – инновациялық және белсенді әрекет ететін, жаңа жобаларды дамыту үшін қаржылық тәуекелдерді саналы түрде қабылдайтын экономикалық агент [10].

Қазақ тіліндегі *кәсіпкер* атауы – «арабтың «кәсіп» және парсының «гер» қосымшасының бірігуі арқылы жасалған сөз. Мағынасы (<https://sozdikqor.kz/>) «белгілі бір кәсіппен, бизнеспен айналысатын адам»; «мүмкіндікті мойындайтын және қолдайтын инноватор немесе әзірлеуші; мүмкіндіктерді жұмыс істейтін сатылатын идеяларға айналдырады; уақыт, күш, ақша немесе дағдылар арқылы құндылық қосады; бұл идеяларды іске асыру үшін бәсекелес нарықтың тәуекелдерін болжайды және осы күш-жігердің пайдасын түсінеді»; «Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, кәсіпорын құру үшін қаражат іздеп табатын және сол тапқан қаражатымен кәсіпкерлік тәуекелділікке бас тігетін адам. Кәсіпкер қызметтің заңда тыйым салынбаған кез келген түрлерімен, атап айтқанда, коммерциялық делдалдықпен, сауда жасаумен, сатып алумен, кеңес беру қызметімен және басқа қызметтермен, бағалы қағаздарға байланысты операция жасаумен айналыса алады» [9].

Ағылшын тілі сөздіктерінде мынадай түсіндірме берілген (<https://dictionary.cambridge.org>; <https://www.wordreference.com>): «Кәсіпкер – бұл, әсіресе, тәуекелдер болған жағдайда өз ісін бастайтын адам» [11]; «Кәсіпкер – кәсіпорынды, бизнесті, әдетте батылдықпен, шеберлікпен және қаржылық тәуекелге бара отырып ұйымдастыратын және басқаратын адам» [12].

Осы түсіндірмелерде көрініс тапқан – кәсіпкердің атқаратын қызметі, оған қажетті білік-дағдылар, материалдық заттар дүниесі – қазіргі қоғамдағы *іскер адамның* бейнесін ашатын белгілер. Олардың ішінде *кәсіппен, бизнеспен айналысушы, инноватор/әзірлеуші, сатылатын идеяларды тудырушы, уақытты басқара алатын, күш, ақшаны (қаражатты) иеленуші, ақша жасаушы, тәуекелшіл, тәуекелді болжаушы, бағалы қағаздармен*

айналысатын, батыл, шебер, басқарушы, т.б. – іскер адамның когнитивтік үлгісін қалыптастыратын слоттар.

Іскер адам, кәсіпкер сөздеріне синонимдес *бизнесмен* атауына «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде», «Қазақ тілінің терминдер сөздігінде» [ағыл. business] зат. экон. Пайда, табыс әкелетін экономикалық қызметпен айналысатын адам; «ақша жасаушы», айналымдағы табыс әкелетін капиталды иеленуші, яғни белсенді экономикалық, коммерциялық қызметпен айналысушы адам» (<https://sozdikqor.kz/soz?id=239425&a=BIZNESMEN>) деген анықтамалар берілген [9]. Шет тілден енген атау болғандықтан, *бизнесмен* лексемасы «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» кездеседі: «Бизнесмен – кәсіпкерлікпен айналысатын іскер ер адам. Фирма, цех, ферма, т.б. жекеменшік кәсіптің иесі. Пайда табу мақсатында жаңа қызмет немесе тауар түрін ойлап тауып, нарыққа ұсынатын адам. Оның құзыретіне компанияны басқару, қол астындағы жұмысшыларды қадағалау, компанияның бюджетін реттеу, т.б. қызметтер кіреді. Бизнесмен инвестор да бола алады» [9]. Осы түсіндірмеде *бизнесмен* сөзінің мағынасы әр қырынан ашылып, анағұрлым толық берілген. Бизнесмен сөзінің дефинициясында *іскер ер адам* тіркесі кездеседі. Тілдік қолданыста бұл тіркесім сирек те болса қолданылады. Мысалы: *Психолог әйелдерге іскер ер адамды қолдайтын бірнеше кеңес берді* (<https://baq.kz/syn-aytpanyz-psiolog-ayelderge-arnap-birneshe-kenes-berdi-332756/>).

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Р.М. Бактиярова еңбегінде *іскер әйел* тіркесі бинарлық оппозицияда *іскер ер адамға* қарама-қарсы мәнде беріледі. Тілдік қолданыста кәсіппен айналысатын ер адам туралы сөз болғанда, көп жағдайда, *ер* сөзі түсіріліп, *іскер адам* түрінде ықшамдалып жұмсалады. *Адам* сөзі гендерлік жіктелімге қарамай, ер мен әйелге ортақ, барлық саналы тіршілік иесін білдіретін атау болғанымен, қазіргі кезде «*іскер адам – іскер әйел*» оппозициялық жұбы қалыптасқан. *Іскер әйел* атауы, сонымен қатар, контекске қарай *іскер ханым, іскер ару, іскер қыз-келіншектер, іскер бойжеткен, бизнес-леди* секілді синонимдермен беріліп жүр. Мысалы: *ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында «Бизнестегі іскер ханымдардың табыс кілті: Жобалар, бастамалар және алдағы жоспар» тақырыбында конференция өтті* (<https://ortcom.kz/kk/novosti/bizneste-gi-isker-hanymdardy-tabys-kilti>). *Міне, бүгін біз сөз еткелі отырған кейіпкер ескі мен жаңаны жандандырып, бүгінде туындылары отандық брендке айналған іскер ару – Есимбекова Гульназия Азимбайқызы* (<https://best-people.info/business/541-esimbekova-gulnazija.html>). *Елімізде іскер қыз-келіншектер өз кәсібімен экономикамызға үлкен үлес қосып келеді* (<https://egemen.kz/article/312945-isker-ayelder-manhyzdy-isterden-tys-qalmaydy>). *Үш жыл ішінде іскер бойжеткен толағай табысқа жетіп үлгерді* (<https://kaz.inform.kz/news/zhas-dizayner-ulttyk-nakyshtagy-kiimderdi-alemdik-narykka-shygarmak-a3494357/>). *Бизнес-ледидің студенттермен кездесуі туризмді дамытуды армандайтын болашақ кәсіпкерлердің ойына ұшқын тастағандай болды* (<https://egemen.kz/article/186997-qostanayda-biznes-ledi-studentter-men-startaperlerge-dgasyil-tekhnologiyany-payda>).

Гендерлік жіктелімге қатысты оппозициялық қолданыс шетел тілінде бар. Мысалы: «Бизнес сөздігінде»: «*бизнесмен* – бизнеспен айналысатын ер адам, *бизнесвумен* – бизнеспен айналысатын әйел адам» деген анықтамасы берілген [13, 19-б.], ал бизнес-леди атауы енгізілмеген.

Тілімізде кәсіпкерлердің гендерлік сипатын анықтайтын қарама-қарсы мәндес сөздердің пайда болуын экстралингвистикалық факторлармен түсіндіреміз. Біріншіден, шет мемлекеттерде кәсіпкерлік, оған қатысты ұғым-түсініктер, ерлермен қатар әйелдердің бизнеспен шұғылдануы біздің елмен салыстырғанда бұрын дамыған, соған сәйкес тілдік бірліктер сөздік құрамда «*бизнесмен – бизнесвумен*» тұлғасында орныққан. Шетел тілі ықпалынан осы атаулар қазақ тіліне де еніп отыр. Екіншіден, іскерлік ортада әйел санының

көбеюі мен белсенділігінің артуы, жетістікке жетіп, танымал болуы, қоғамда гендерлік тұрғыда әлеуметтік басымдықтың берілуі «іскер адам – іскер әйел» жұбын тудырды. Сөйтіп, халықтың тілдік санасында бейнеленіп, тілде таңбаланды.

Тілімізде *іскер адам (адамдар)* тіркесі ер мен әйелді қамтып, жалпы бизнеспен айналысатын топты білдіретін атау ретінде де жұмсалады. Мысалы: *Алайда кейбір іскер адамдар әкімшілік кедергілерді айналып өтіп, бұл мәселені шешудің жолын табады* (<https://inbusiness.kz/kz/news/vakcinalyk-turizm-shetelden-ekpe-saldyryp-keluge-bola-ma>). 217 *іскер адамға техникалық көмек қажет болды* (<https://inbusiness.kz/kz/news/karantinnen-kejin-kasipkerler-biznesin-kalaj-zhandandyady>).

Қазақ елінің тарихына үңілсек, саяси-экономикалық байланыстардың, сауда-саттықтың ерте замандардан дамығаны белгілі. Осы қарым-қатынастарды жүзеге асырушы адамдар қазақ тілінің сөздіктерінде *саудагер* лексемасымен берілген: «*Саудагер* – (парсы тілінен енген) саудамен айналысатын адам» (<https://sozdikqor.kz>; <https://sozdikqor.kz/soz?id=436494&a=SA%C3%9DDAGE>); «зат. 1. тар. Ерте кезде сауда-саттықпен айналысу арқылы ел-ел арасындағы және ел ішіндегі сауда-саттық қатынасты орнатқан, сол арқылы күн көрген қоғамдық-әлеуметтік топ өкілі; 2. Жоғары білікті сауда қызметкері, сауда маманы; 3. Саудадан хабары бар, саудаға икемді адам; 4. жағымсыз. Арзанды қымбатқа сатып күн көретін адам, алыпсатар» [9]. *Саудагер* сөзінің түсіндірмесінен *сауда-саттықпен айналысушы, сауда қызметкері, саудаға икемі бар адам*, сондай-ақ *алыпсатар* деген репрезентацияларды анықтаймыз. Бұлар – «іскер адам» концептісінің когнитивтік құрылымына енетін тілдік қолданыстар, өйткені «іскер адам» – түрлі кәсіпті дамытып, саудамен айналысуға икемді қоғамдық-әлеуметтік топ өкілі. «Іскер адам» концептісі – *саудагер, сауда-саттық* ұғымымен тығыз бірлікте қарастырылатын менталды құрылым. Тілімізде *саудагер* сөзінің *сауда қызметкері, кәсіпкер* атауымен өзара мағыналас жұмсалуы кездеседі. Мысалы: *Сауда қызметкері күніне арналған салтанатты іс-шара ҚР Сауда және интеграция министрлігінде өтті* (<https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/591772?lang=kk>). *Базар әкімшілігі саудагерлерге төменгі қабатқа (жертөле) көшуді ұсынған. Кәсіпкерлер бұл ұсыныспен келіспейді, өйткені сатып алушылар тұрақты сауда нүктесіне үйреніп қалған* (Халық үні. <https://halyq-uni.kz/kozkaras/24051-atyshuly-altyn-orda-bazarynda-tagy-da-dau-tuyndady/>).

Лексикалық жүйеде *саудагер* сөзімен қоса *саудакеш* лексемасы бар (<https://sozdikqor.kz/>). Ол «ұсақ-түйек сататын алыпсатар» дегенді білдіреді [9]. Мысалы: *Саудакеш, арбакешке жетіп барад, Ал базар аудармады оған назар* (Серік Сағынтай. Ит жылғы оқиға).

Қазан төңкерісінен бұрын елімізде түрлі әшекей бұйымдарды, шай, сабын, айна, тарақ секілді ұсақ-түйекті сататын саудагерді *бақалшы (бақал – Жамб., Шу), аттерші, лаукеші* деп атаған. *Қызылқұлақ* (ауыспалы мағынасында *саудагерді* білдіреді), *базарқан* сөздері, жергілікті аймақтарда кездесетін *ұңғыт/ұңғытшы, жайдары* (Атырау., Маңғ.) диалектілері «іскер адам» концептілік жүйесінде орын алады [9]. Себебі берілген сөздер қазақ даласындағы сауда-саттыққа қатысты дүниетанымды бейнелейтін тілдік бірліктерге жатады. Мысалы: *Ел кезген құдайы қонақ бақалшы сауда жасап нәпақа тауып жүрген пенде екен, сонымен бірге асқан сыбызғышы болса керек* (<https://adebiportal.kz>). *Бұрын бұл елге Түрікпеннен, Қарақалпақтан жайдарылар келулі* (<https://kazakh.academic.ru>). *Бұл кескен баға осы күнгі лаукеші, саудагерлердің сататын бағасынан екі-үш есе арзан* (<https://qazcorpus.kz/find/>). *Бұл сияқты қызылқұлақтардың ендігі айласы базарда өтпегендерін колхоз-совхоздарға апарып, несиеге береді* (<https://sozdikqor.kz/>). *Үндістаннан келінті бір базарқан* (<https://qazcorpus.kz/find/>). Бұлар – ауызша, жазбаша сөйлеуде пассив қолданылатын көнерген аталымдар. Көнерген атауларды халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмір

сүрген дәуіріндегі қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарды тануға мүмкіндік беретін, концептінің когнитивтік құрылымын аша түсетін бірліктерге жатқызамыз.

Қазіргі таңда «саудамен айналысамын», «сауда-саттық саласындамын», «сауда қызметіндемін» деп айтылғанымен, «Мен саудагермін» деген естіле бермейді. Ол – аталған сөздің жағымсыз контексте көбірек таралуымен байланысты деп есептейміз. Мысалы: *Саудагерге жегізбейтін де айла бар* (<https://qazcorpus.kz/find/>). *Өйткені ол ғылым арқылы саясатшыға, саясат арқылы саудагерге, саудагерлікпен адамның арын тонайтын, намысын таптайтын қанішерге айналмаған жан еді* (<https://qazcorpus.kz/find/>).

Саудагер сөзінің жағымсыз мағыналық реңкін күшейту үшін *алыпсатар* сөзі жұмсалады. Мысалы: *Пойыз билеттері алыпсатарларға берілмейтін болды* (Егемен Қазақстан, 10.06.2021), *Алыпсатарлар бағаны қолдан өсіріп отыр* (Егемен Қазақстан, 25.06.2021), *Қазақстан нарығында алыпсатарлар басым* (Егемен Қазақстан, 16.06.2017). *Алыпсатар* сөзіне «Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясында (<https://sozdikqor.kz/soz?id=304404&a=ALYPSATAR>): «дайын өнімдерді алдын-ала сатып алып, қайтадан қымбат бағасына сатып пайда табатын саудагер. Ертеректе қазақы ортада мұндай жолмен пайда табатындарды көшпелі ортаның ұстанымдары мен құндылықтары оны қабылдамаған, қырын қараған. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап, Ресей отаршылығының қазақ даласындағы әсері мейлінше күшеюіне байланысты қазақы ортадағы қоғамдық қатынастар үлкен өзгерістерге ұшырады. Ең алдымен, бұрнағы өндірістік қатынастардың негізгі объектілері жер мен мал сауда-саттық қатынастардың нысанына айналды. Осыған орай, алыпсатар қазақы ортадағы әлеуетті әлеуметтік категориялардың біріне айналды», – деген анықтама берілген [9].

Халықтың сан ғасырлық өмірлік тәжірибесінен туындаған мақал-мәтелдер ұжымдық санада *саудагер* ұғымына қатысты жағымсыз көзқарастың барын айғақтайды. Мысалы: *Ел аузында саудагер жайлы «Саудагерде иман жоқ, арын сатады. Өтірікшіде иман жоқ, жанын сатады», сондай-ақ «Саудагер ажарын сатады» деген сөз бар. ...Халық айыптаған саудагер – жұртты алдайтын сатушы. Кісі ақысына қол салатын саудагер (Саудагер сөзінің сыры. <https://muslim.kz/article/saudager-sozinin-syry>).*

Исламдық діни танымда араб тіліндегі *саудагер* сөзінің таңбалануы адамның ізгі қасиеттерімен бірлікте түсіндіріледі: *Араб тілінде саудагер төрт әріптен тұрады, ол: тә, алиф, жим және ро әріптерінен құралған «тажир сөзі». Әр әріп саудагерге қойылған қатаң талап іспетті. Тә әріні – тақуалық, алиф әріні – аманатшылдық, жим әріні – жүректі және ро әріні – рахим (мейірімді) ұғымын білдіреді. Олай болса, саудамен айналысуға бел бұған кісі осы қасиеттерді кәсібінің басты ұстанымына айналдыруы керек* (<https://muslim.kz/article/saudager-sozinin-syry>). Мысалда келтірілген *шыншыл, адал, тақуалық, аманатшылдық, жүректі, мейірімді* секілді сапалық белгі-қасиет атаулары – «іскер адамның» когнитивтік моделін толықтырып, аша түсетін бірліктер. Ал қазақ танымында жомарттықтың символына айналған *Атымтай* есімі – қазіргі тілдік қолданыста белсенді жұмсалады. *Атымтай жомарт* «іскер адам» концептісін бейнелілік қолданысымен ерекшелетін – прецедентті қолданыс. Қоғамда халыққа көмегін аямай, қаржылық жағынан қолдау көрсеткен, қайырымдылығымен танылған іскер адамдар «Атымтай жомарт» атанып жүр. Мысалға «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған бірнеше мақаланың тақырып атын келтіруге болады: «*Атымтай жомарт*» (20.03.2023 ж.), «*Сарысулық Атымтай жомарттар марапатталды*» (12.10.2020 ж.), «*Бүгінгінің Атымтай жомартымен кездесу*» (31.07.2017 ж.), т.б.

Қазақ тілінің сөздік құрамында «іскер адам» аясына енетін *көпес* сөзі бар (Орал Жәнібек ауданында *күпсе* тұлғасында жұмсалған). Бұл атау XIX ғасырдың екінші

жартысында Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-саттықтың нығаюымен байланысты енген. *Көпес* лексемасы бастапқыда Ресейлік орыс-татар саудагерлерін білдірсе, кейін саудагерлікпен айналысқан қазақтарға қатысты қолданыла бастады. Патшалық Ресей тұсында көпестер саяси-экономикалық жүйеде үлкен рөл атқарған (<https://sozdikqor.kz/soz?id=318340&a=K%C3%93PES>). Сондықтан тарихи кезеңді бейнелейтін *көпес* көнерген аталымы – «іскер адам» концептісінің құрылымын аша түсетін бірліктердің бірі. Мысалы: *Деров (Артемий Иванович Деров, керекулік көпес) іскер адам ретінде көмір өндірудің маңыздылығын және бұл істің табысты екенін түсінді* (<https://egemen.kz/article/358300-khalyq-geologi-qosym-pishenbayuly-esimin-bogatyr-kenishine-berse-dgarasady>). *Тыныбай – ұсақ-түйекпен айналысқан қарапайым сауда-саттық иесі ғана емес, қазақтың Семей шаһарындағы бетке ұстар азулы, дәулетті бай көпесінің бірі* (https://semeylib.kz/?page_id=577). Соңғы сөйлемде көпесті әр қырынан сипаттап, «іскер адамның» когнитивтік құрылымын аша түсетін бірнеше бірлік бар. Олар – *бетке ұстар, азулы, дәулетті, бай* сөздері.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде берілген түсіндірмеден бұрынғы *көпес* қазіргі танымдағы *кәсіпкер, іскер адам* дегенді аңғарамыз (<https://sozdikqor.kz/soz?id=415544&a=K%C3%93PES>): «зат. тар. Жекеменшігінде сауда жасау үшін өнім беретін кәсіпорны бар ірі саудагер» [7]. Сонымен қатар *саудагер-көпес/көпес-саудагер* қосарлама қос сөзі қазақ тілі лексикасында кездеседі. Ол – «зат. тар. Орта Азиядағы және Ресейдегі саудамен айналысатын әлеуметтік топ өкілдерін» білдіретін тілдік бірлік [9]. Мысалы: *Міне, Семей қаласының өркендеуі мен өсуіне сол заманда қызмет еткен татар көпес-саудагерлердің еңбектері осындай ұшан-теңіз болды* (https://semeylib.kz/?page_id=577).

Нарықтық экономикаға бет бұрған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында түрлі тауарларды сатумен айналысатын адам *коммерсант* кірме атауымен танылды (https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/20371/%D0%9A%D0%9E%D0%9C%D0%9C%D0%95%D0%A0%D0%A1%D0%90%D0%9D%D0%A2). *Коммерсант* – француз тіліндегі *commercant*, латын тіліндегі *commercium* (сауда) бірліктері арқылы енген сөз [14]. Мысалы: *Қазір Серік – жүргізуші, өз ісінің шебері; Ғалия – саудагер, білдей коммерсант (Алтын медаль далада қалды)* (Игілік Әймен. Көкейдегі қалың ой «Бақыттылық пен «Бақытсыздық» шекарасы» <https://qazcorpus.kz/find/>). «Адидас», «Монтана», бейсболка, қытайдың шүберек аяқ киімі, неше түрлі-түсті, қызылды-жасылды футболкалары, джинси, куртка, шалбар дегендермен халықты киіндірген коммерсанттар еді (<https://qazcorpus.kz/find/>). Бұл сөз денотаттық мағынасында кәсіпкерлік сауда қызметін жүргізетін адамды білдірсе, ал коннотаттық мағынасында «алдамшы», «жу», «сұм» деген жағымсыз реңктерді қамтиды. Жағымсыз мағынаны иелену тоқырау кезінде халықтың санасында қалыптасқан негативті ақпараттық фонмен байланысты деп есептейміз. Мәселен, сапасыз тауарларды қымбат бағаға өткізу; айналымда ақша болмағандықтан, құны сәйкес келмейтін тауарларды өз пайдасына қарай, мәселен, 1 қап қантты 1 қойға айырбастау секілді іс-әрекеттер. Демек, аталған тілдік бірліктің жағымсыз сипаты тілдің ішкі жүйесінен тыс сыртқы факторлардың ықпалынан, коммуниканттар арасындағы прагматикалық қарым-қатынастардан туындаған. Ақын М. Мақатаевтың мына өлең жолдарында да *коммерсант* лексемасы жағымсыз мәнде қоғамның келеңсіз тұстарын бейнелеу үшін жұмсалған. Мысалы: *Ломбард, ломбард... Сен бір талшық дәтке қуат жоқтан бар, Сен де өзіңше коммерсант, ал да бер. Сен – алаяқ барды жалмап, жоқты алдар, Ат жалынан пайда тапқан саудагер* (<https://qazcorpus.kz/find/>).

Бүгінгі таңда *коммерсант* атауын *іскер адам, іскер әйел, бизнесмен, бизнесвумен, кәсіпкер* секілді тілдік бірліктер ығыстырып шығарды. Өйткені сауда-саттық, кәсіпкерлік

саласы тек алып-сатумен ғана шектелмей, жан-жақты дамып, іскерліктің жаңа деңгейіне көтеріліп отыр.

«Іскер адам» концептісіне енетін келесі атау – инвестор (<https://sozdikqor.kz/>). Бұл – ағылшын тілінен енген «қаржы» мағынасын білдіретін сөз. Инвестор жеке тұлға да, ұйым да, мемлекет те бола алады. Инвестор – түрлі инвестициялық жобаларға ақша салатын салым иесі [9]. «Іскер адам» концептологиялық өрісіндегі инвестор лексемасы кәсіпкерлік іскерліктің жоғары деңгейін танытатын, тәуекелге бел буып, белгілі бір салаға қомақты қаражатын құйып, дамытуға үлес қосатын бизнесменді білдіреді. Мысалы: *Qazaq Air әуе компаниясын вьетнамдық инвестор сатып алды* (<https://zhasalash.kz/news/>). *Қайдасың, қазақ инвесторы?* (<https://egemen.kz/>). *Кәсіпорыңға екінші тыныс берген инвестор – Сайдолла Қожабаетов* (<https://egemen.kz/>). Демек, инвестор атауы қандай бір саланы, өндіріс-кәсіпорынды дамытуға қомақты қаражатын салып, тәуекелмен іске кірісетін «іскер адамды» танытады.

Тілде белсенді қолданылатын олигарх атауы (<https://sozdikqor.kz/soz?id=140854&a=OLIGAR>) «қаржы капиталының үстемдігіне иелік ететін аса ірі, ең бай монополистердің шағын тобын» білдіреді [9]. Барлық «іскер адам» олигарх атауын иеленбеуі мүмкін. Олигарх атауы «іскер адам» когнитивтік үлгісін асырмалы мәнді үстейтін аса ірі, ең бай монополистер тіркестерімен толықтырады. Мысалы: *Жаман олигархтар қаржыларын банктің депозиттерінде ұстайды. Жақсы олигархтар ноу-хоуға, венчурлік инвестицияға салады* (<https://zhasalash.kz/news/milliardtagan-qaryzy-bar-oligarhtar-forbs-tiziminde-zhur-189/>).

«Іскер адам» концептісін сипаттайтын тілдік қолданыстар ішінде, мысалдар мен сөздік мақалалардан көріп отырғанымыздай, біршама терминдер бар. Солардың бірі – *дистрибьютор* экономикалық термині (<https://sozdikqor.kz/soz?id=>). Бұл тауарларды көтерме сатып алып кейін қайта сататын делдалды білдіреді. *Дистрибьютор* атауы фирмаға және жеке тұлғаға қатысты қолданыла береді [9]. *Дистрибьютор* ағылшын тілінен «үлестіруші», «таратушы» деп аударылады. Бұл кірме сөз – тілімізде белсенді қолданылатын атау. Мысалы: *Соңғы кездері еліміздің емдеу мекемелерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететін бірыңғай дистрибьютордың жұмысына байланысты көптеген мәселелер туындауда* (<https://egemen.kz/>). *Айта кетейік, Softline компаниялар тобына кіретін Axiom IT дистрибьюторы қазірдің өзінде қазақстандық нарықта жұмыс істеп жатыр* (<https://zhasalash.kz/>).

Трейдер сөзі – «іскер адамды» танытатын жаңа кірме атау (<https://sozdikqor.kz/>). «Трейдер [trader] зат. экон. Істі өз қаражаты есебінен және жауапкершілікті өз мойнына ала отырып жүргізетін, дербес шешім қабылдайтын, бизнесті жеке өзі басқаратын тұлға» [9]. Мысалы: *Демек кез келген адам білім деңгейі мен алғашқы капиталдың мөлшеріне қарамастан криптотрейдер бола алады. Монеталарды сатып алғаннан кейін трейдер немесе ходлерге айналасыз. Трейдерлер – қысқа мерзімде сатып алатын және сататын адамдар. Бірақ та ең тиімдісі – активтерді сатып алып, оны ұмытып кететін ходлер атану саналады* (<https://egemen.kz/article/>). «Криптовалюта: Тәуекелі жоғары, болашағы бұлыңғыр» тақырыпатымен жарияланған мақалада қазақ тілі сөздіктеріне әлі ене қоймаған *криптотрейдер* және *ходлер* неологизмдері кездеседі. Бұл атаулар – «іскер адамды» онлайн валюта сатушы ретінде айқындайтын терминдер. *Криптотрейдер* сөзі криптовалюта нарығындағы іскер адамды танытады. «Криптовалюта – (<https://sozdikqor.kz/>) жасалуы мен қолданысының бақылануы криптографиялық әдістерге негізделетін цифрлық валюта түрін» білдіретін термин [9]. *Ходлер* сөзі – криптовалютаны сатып алып, нарықтағы жағдайға қарамастан, оны кері сатпай, сақтап тұратын адамды білдіру үшін қолданылатын сленг, интернет-мем. Аталған неологизмдер – БАҚ-та, интернет кеңістікте шектеулі топта

қолданылып жүрген, сала мамандарына ұғынықты сөздер. Оларды қазақ тілінде сөйлейтіндердің барлығы түсіне бермейді. *Ходлер* лексемасы – уақыт өте келе, тілімізде активтенуі мүмкін, өйткені елімізде сандық валюта саудасымен айналысушылар қатары көбейіп келеді.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі «іскер адам» концептісі – лингвокогнитивтік жүйенің құрамдас бөлшегі. Адам танымы өзін қоршаған болмысты, ондағы заттар дүниесін, әрекеттерді белгілі бір жағдаяттармен, қалыптасқан көзқарастармен, қоғамдағы түрлі өзгерістермен біртұтастықта ғана қабылдайды. Сондықтан «іскер адам» концептісіне енетін тілдік бірліктер сауда-саттық, нарықтық-экономикалық қатынастардың, кәсіпкерліктің әр кезеңінде денотаттың түрліше қабылданып, бағалануына байланысты әралуандығымен ерекшеленеді.

Қазақ тілінің сөздік құрамында «іскер адамның» айналысатын қызмет түрін, сауда-саттық көлемінің деңгейін, қаржысының мөлшерін, гендерлік ерекшелігін танытатын мынадай сөздердің кездесетіні анықталды: *іскер, кәсіпкер, бизнесмен, іскер әйел (бизнесвумен, іскер ханым, іскер ару, іскер қыз-келіншектер, іскер бойжеткен, бизнес-леди), саудагер, саудақеш, көпес (күпсе), коммерсант, инвестор, дистрибьютор, олигарх, трейдер, криптотрейдер, ходлер*, т.б. Осы атаулардың ішінде қазіргі тілдік қолданыста белсенді (*іскер, кәсіпкер, бизнесмен, т.б.*) және пассив қолданылатын көнерген аталымдар (*саудақеш, көпес (күпсе), коммерсант*) мен жаңа (*трейдер, криптотрейдер, ходлер*) сөздер бар. Сонымен қатар осы концепті аясына жергілікті жерлерде қолданылған *бақалшы, аттерші, лаукеші, қызылқұлақ, базарқан, ұңғыт/ұңғытышы, жайдары* сөздері де еніп, қазақ даласындағы сауда-саттыққа қатысты танымды бейнелейді.

«Іскер адам» концептісінде *алыпсатар, коммерсант, саудагер* сөздері ұжым санасында *сұм, алдаушы* кейпінде жағымсыз бейнеде қабылданған іскер адамды білдіруде көбірек жұмсалып, аталған тілдік бірліктердің коннотаттық мағынасы санада әбден сіңіп қалғанын көрсетті. Ол қазақ дүниетанымын ашып көрсететін мақал-мәтелдерде де көрініс тапқан. Ал исламдық танымда *саудагер* лексемасы – негізінен, *шыншыл, адал, тақуалық, аманатшылдық, жүректі, мейірімді* деген мағыналарды қамтитын бірлік. Шындығында, қазақ қоғамында қиын-қыстау кездерде әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, мүгедек адамдарға, т.б. қамқорлық танытып, демеушілік көрсететін «*Атымтай жомарт*» атанған кәсіпкерлер баршылық. Бұл – қазақ тілінде бизнесмендердің игілікті істерін бейнелі түрде беруде жиі жұмсалатын прецедентті бірлік. Демек, қарама-қарсы әрекеттерді сипаттайтын *алыпсатар, саудагер – Атымтай жомарт* бірліктері – «іскер адамның» когнитивтік үлгісін аша түсетін қолданыстар. Сонымен бірге қазақ танымындағы «іскер адам» бейнесі оның атқаратын жұмысын, білік-дағдыларын сипаттайтын *кәсіппен, бизнеспен айналысушы, инноватор, сатылатын идеяларды тудырушы, уақытты басқара алатын, күш, ақшаны (қаражатты) иеленуші, ақша жасаушы, тәуекелшіл, тәуекелді болжаушы, бағалы қағаздармен айналысатын, батыл, шебер, басқарушы, бетке ұстар, азулы, дәулетті, бай* секілді т.б. тілдік бірліктермен жан-жақты ашыла түседі. Қорыта айтқанда, қазақ лингвокогнитивтік жүйесіндегі «іскер адам» концептісіне қатысты анықталған тілдік қолданыстар осы концептінің когнитивтік құрылымын әр қырынан ашады және халық танымын, тілдік санада орныққан көріністі айқындап, әлеуметтік-қоғамдық, сауда-саттық қатынастарды да бейнелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Погодаева Е.А. Репрезентация когнитивного стиля современного делового человека в текстах деловой прессы: автореф. ... канд. филол. наук. – Барнаул, 2009. – 19 с.

2. Долгова Е.В. Дискурсивные и коммуникативные особенности речевого жанра «портрет делового человека»: на материале русского и английского языков: автореф. ... канд. филол. наук. – Москва, 2010. – 20 с.
3. Гаталова М.А. Специфика коммуникативного поведения американского делового человека (гендерный аспект): дис. ... канд. филол. наук. – Нижегородск, 2019. – 179 с.
4. Иванова М.М. Языковая объективация концепта «предприниматель» в русском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Воронеж, 2008. – 23 с.
5. Баданян И.Ф. Концепт «Деловая женщина» и его языковая экспликация в современном медиадискурсе: на материале русского и немецкого языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Майкоп, 2017. – 28 с.
6. Бактиярова Р.М. Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісі: философия д-ры (PhD) ... дис. – Алматы, 2022. – 149 б.
7. Kossymova G.S., Telgozhaeva K.S. The Nature of Linguistic Units in the Concept of “Human-World-Time” in M.Kashkari's Work “Divani Lugat-it-Turk” // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3(129). – Б. 24–37. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.02>
8. Кембаева А.Т., Жұбай О.С. Тілдік тұлға кеңістігіндегі «рух» концептісінің өзектілігі мен қолданылу аясы (III. Мұртаза шығармашылығы бойынша) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2(132). – Б. 167–179. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.52>
9. «Сөздікқор» порталы [Электронды ресурc]. URL: <https://sozdikqor.kz/> (қаралған күні 04.11.2024)
10. Rusu S., Isac F., Cureteanu R., Csorba L. Entrepreneurship and entrepreneur: A Review of Literature Concepts' // African Journal of Business Management. – 2012. – №6(10). – P. 3570–3575. <https://doi.org/10.5897/AJBM11.2785>.
11. Cambridge Dictionary [Электронды ресурc]. URL: <https://dictionary.cambridge.org> (қаралған күні 04.11.2024)
12. wordreference.com. [Электронды ресурc]. URL: <https://www.wordreference.com> (қаралған күні 04.11.2024)
13. Collin P.H. Dictionary of business. – London: A & C Black, 2006. – 481 p.
14. Словари и энциклопедии на Академике [Электронды ресурc]. URL: <https://dic.academic.ru/> (қаралған күні 04.11.2024)

REFERENCES

1. Pogodaeva E.A. Rerezentacia kognitivnogo stilia sovremennogo delovogo cheloveka v tekstah delovoi pressy: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Representation of the cognitive style of the modern businessman in business press texts: Abstract]. – Barnaul, 2009. – 19 s. [in Russian]
2. Dolgova E.V. Diskursivnye i kommunikativnye osobennosti rechevogo zhanra «portret delovogo cheloveka»: na materiale russkogo i angliskogo iazykov: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Discursive and communicative features of the speech genre “portrait of a businessman”: based on the Russian and English languages: Abstract]. – Moskva, 2010. – 20 s. [in Russian]
3. Gatalova M.A. Specifika kommunikativnogo povedenia amerikanskogo delovogo cheloveka (gendernyi aspekt): dis. ... kand. filol. nauk. [Specifics of the communicative behavior of the American businessman (gender aspect): Dis.]. – Nizhegorodsk, 2019. – 179 s. [in Russian]
4. Ivanova M.M. Iazykovaia obektivacia koncepta «predprinimatel» v russkom iazyke: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. [Linguistic objectification of the concept “entrepreneur” in the Russian language: Abstract]. – Voronezh, 2008. – 23 s. [in Russian]
5. Badanian I.F. Koncept «Delovaia zhenshina» i ego iazykovaia eksplikacia v sovremennom mediadiskurse: na materiale russkogo i nemeckogo iazykov: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. [The concept “Businesswoman” and its linguistic explication in modern media discourse: based on the Russian and German languages: Abstract]. – Maikop, 2017. – 28 s. [in Russian]
6. Baktiarova R.M. Qazirgi mediadiskurstagy «isker aiel» konceptisi: filosofia d-ry (PhD) ... dis. [The concept of “businesswoman” in modern media discourse: Dis.]. – Almaty, 2022. – 149 b. [in Kazakh]

7. Kossymova G.S., Telgozhaeva K.S. The Nature of Linguistic Units in the Concept of “Human-World-Time” in M.Kashkari's Work “Divani Lugat-it-Turk” // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №3(129). – B. 24–37. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.02>
8. Kembraeva A.T., Zhubai O.S. Tildik tulga kenistigindegi «ruh» konceptisinin ozektiligi men qoldanylu aiasy (Sh. Murtaza shygarmashylygy boiynsha) [Relevance and Scope of Application of the Concept «Spirit» in the Field of Linguistic Personality (based on the work of Sh.Murtaza)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. –№2(132). – B. 167–179. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.52> [in Kazakh]
9. «Sozdikqor» portaly [“Sozdikqor” portal]. [Electronic resource]. URL: <https://sozdikqor.kz/> (date of access 04.11.2024) [in Kazakh]
10. Rusu S., Isac F., Cureteanu R., Csorba L. Entrepreneurship and entrepreneur: A Review of Literature Concepts’ // African Journal of Business Management. – 2012. – №6(10). – P. 3570–3575. <https://doi.org/10.5897/AJBM11.2785>.
11. Cambridge Dictionary [Electronic resource]. URL: <https://dictionary.cambridge.org> (date of access 04.11.2024)
12. wordreference.com. [Electronic resource]. URL: <https://www.wordreference.com> date of access 04.11.2024)
13. Collin P.H. Dictionary of business. – London: A & C Black, 2006. – 481 p.
14. Slovari i enciklopedii na Akademike [Dictionaries and encyclopedias on Akademik]. [Electronic resource]. URL: <https://dic.academic.ru/> (date of access 04.11.2024) [in Russian]